

№46 Еңбек шарты.

Сарыағаш к.

" " 2023 ж.

Ж.К. "Бейсебаева З.И.", жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік негізінде 5823 серия № 0006786 тіркеу күні 12.04.2000 ж. Шымкент қаласы Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы берген, орналасқан жері: Шымкент қаласы, III. Қалдаяқов көшесі 26. ЖСН 631212402148 бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын, бір жағынан басшы Бейсебаева Зоуре Ибадуллаевна және Қазақстан Республикасының азаматы(ша) Бейсебаева жеке куәлік № 038265301 ҚР ІІМ 29.07.2015 берілді, ЖСН 30611402146, бұдан әрі "Аспазшы" деп аталатын, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Келісім шарттың мәні.

1.1. «Жұмыс беруші» азық-түлікті, атап айтқанда мектеп жасындағы жетім және жартылай жетім балаларға арналған ыстық тамақты дайындауға «Жұмыскер» нақтылай айтқанда аспазшыға жеткізіп беруге, ал аспазшы оны қабылдап алуға және осы келісім шартқа сәйкес жеткізілген азық-түліктен ыстық тамақ дайындауға міндеттемелерді өзіне алады.

1.2. Жұмыс беруші қызметкерді мектептің асханасына аспазшы қызметіне қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

«Жұмыс берушінің» құқықтары мен міндеттері:

- 2.1. Жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;
- 2.2. Жұмыскерлермен еңбек шарттарын кез келген уақытта өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға;
- 2.3. Ыстық тамақ жасауға, ас мәзірін дайындап беруге;
- 2.4. Азық түлікпен бірге тауар құжаттамасын (сертификат) және атқарылған жұмыс жайлы акт қоса беруге;
- 2.5. Тамақ дайындаудан өзге жұмыстарына жауап бермеуге;
- 2.6. Жұмыскерлерден еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын, еңбек тәртібі қағидаларын және жұмыс берушінің басқа да актілерін орындауды талап етуге;
- 2.7. Еңбек саласындағы өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге;
- 2.8. Қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;
- 2.9. Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға;
- 2.10. Жұмысқа қабылдау кезінде Кодексте белгіленген тәртіппен қызметкерлермен еңбек шарттарын жасауға;
- 2.11. Қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақыны және өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;

«Жұмыскердің» құқықтары мен міндеттері:

- 2.13. Азық-түлікті тауар құжаттамасы арқылы қабылдауға;
- 2.14. Орта білім алушыларды ыстық тамақпен ас мәзіріне сәйкес қамтамасыз етуге;
- 2.15. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;
- 2.16. Еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;
- 2.17. Еңбек тәртібін сақтауға;
- 2.18. Қызметкердің Кодексте көзделген өзге де құқықтары бар және өзге де міндеттерді орындайды.